



Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасын кеден тәртібі үшін ақы төлеуден босату туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 4 мамыр 1993 ж. N 359

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Президенті Резиденциясының кешенін жасау туралы" 1992 жылғы 5 наурыздағы N 198 қаулысы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы Қазақстан Республикасы Президенті Резиденциясының кешенін салуға арналған контракт шегінде материалдық игіліктерді әкелуге байланысты кеден тәртібін жүргізу үшін ақы төлеуден босатылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі